

25-қазан
«Республика
күніне» арналған іс-
шара жоспарлары

2023ж



№11 «Балапан» бөбекжай балабақшасы

Бекітемін

Балабақша меңгерушісі: С Мухашова

«Қазақстан – туған елім!»

25 қазан Республика күніне арналған іс-шара



«Балбөбек»тобы

Тәрбиешілер: Исатаева Ж.Маханбетова Ж

2023-2024 оқу жылы

Топ бөлмесі мерекеге сай безендірілген

Балалар жарты шеңберге тұрады

Хор; «Отанның жас өркені»

Балаларға экраннан слайд көрсете отырып Республика күні жайында мағлұмат беру

Меркеге арналған тақпақтар

Кәусар

Қазақстан – атамекен, құт қонған жер,
Кең дала, суы мөлдір, нұр тұнған жер.
Көкорай белестері мақпал кілем,
Қырлары қызғалдағы құлпырған жер.

Димаш Қ

Кең жазық Отан мекенім,
Сен де өсіп көктедім
Сені қорғау парызым,
Мұны біліп өтемін.

Әмір

Ұлан байтақ жері бар,
Пайдалы қазба кені бар.
Тәуелсіз ел - Қазақстан
Көркіне көркі жарасқан.

Димаш О

Тәуелсіз азат елім,
Туып өскен- байтақ жерім.
Мәңгі жайнап тура бер
Қазақстаным менің!

Эсманұр

Туған жер - ата қоныс, атамекен,
Бауыры талай жанға болған мекен.
Әр ұлттың басын қосқан бір арнаға
Қазақ елі - ұлы ел, менің өлкем.

Гүлназым

Отанды біз атамекен
Деп аялап атаймыз,
Өйткені оны мекен еткен
Бабамыз бен атамыз.

Жанерке

Отанды
Жас, кәріміз де,
Туған жер деп сүйеміз,
Өйткені онда бәріміз де
Туып, өмір сүреміз.

Дидар

Отанды әркім анасындай
Қастерлейді, бағалап.
Өйткені, Отан баласындай
Бізді өсірер аялап.

Айгерім

Отан деген – атамекен,
Отан деген – туған жер.
Отан – ана,
Отан – үлкен
Қазақстан – туған ел!

Рауза

Сарқылмайтын қуатым,
Тірегімсің сен, Отан.
Мәңгі соғып тұратын
Жүрегімсің сен, Отан!

Балалар әр орталыққа бөлініп отырады

1 Ойын

Тақырыбы; «Суретті аяқта»

Міндеті; Берілген жарты суретті өз беттерімен аяқтау

2 Ойын

Тақырыбы: «Бөліктерін тауып орналастыр»

Міндеті: Жасырылған рәміздердің бөліктерін тауып орналастырады

3 Ойын

Тақырыбы: «Не жасырылған?»

Міндеті: Берілген тапсырмадағы заттың атауын тауып айту

Мерекелік шараны қортындылау




Galaxy S21 Ultra 5G



Galaxy S21 Ultra 5G




Galaxy S21 Ultra 5G




Galaxy S21 Ultra 5G




Galaxy S21 Ultra 5G




Galaxy S21 Ultra 5G



Galaxy S21 Ultra 5G



Galaxy S21 Ultra 5G



Galaxy S21 Ultra 5G

№11 «Балапан» бөбекжай-балабақшасы

Бекітемін:
Балабақша меңгерушісі:
С.Мухашова

Тексерілді:
Балабақша әдіскері:
А.Шуиншалиева



25 қазан- Республика күні

/25 қазан- Республика күніне арналған тәрбиелік іс-шара/

№8 «Құлагер» ересек топ

Тәрбиеші: Л.Бердіжарова

2023-2024 оқу жылы

"Менің Отаным-Қазақстан!"

Балалар зал музыка әуенімен кіреді. Қолдарында жалауша, гүл, шарлар ұстап шығады. Би қимылдарын орындайды.

Тәрбиеші: - Құрметті қонақтар, кішкентай бүлдіршіндер және бөбекжай бақша ұжымы! Баршаңызды 25 қазан Республика күні Ұлттық мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Баршаңызға отбасылық бақыт, дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге жеміс, мерекелік шат көңіл тілейміз.

Ақжайық, Алтай арасы
Қазақтың шалқар даласы
Республикама қарашы!
Жерімнің дәні маржандай
Қырманы асқар таулардай
Республикама қарашы!
Шолсаң да биік аспаннан
Қарқырар кені тастардан
Республикама қарашы!
Шырқаған сайын тірегі -
Республикама қарашы!

Қазақстан Республикамызда 120-дан аса ұлт өкілдері тұратын осынау қасиетті мекенде, асқақтаған өлкеде, кеңшілігі керемет дархан дастархандай далада, егіні теңіздей толқыған, төрт түлігі өрбіген, өндірісі өркендеген мекенде өмір сүруші әрбір адам өз Отанын жанындай сүйіп, оның көк байрағын көкке көтеруді мақтаныш тұтады. Ия Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек екенін атап айтты.

Бақыт бірлік күн талабы,
Тоқтамайды дүбір әні.
Мәңгі бақи шырқалады,
Республика Гимні!

ҚР. Гимні орындалады.

Балалар Гимнді орындап болғаннан кейін отырады.

Тәрбиеші: :- Қасиетті Қазақстан мекенім,
Ақиқаттың алтын бесігі екенсің.
Елім, жерім, Отаным – бақ - дәулетім,
Болашағым, өнер - білім, өркенім.- Балалардың орындауында
"Біз отанның бөбегіміз" әні шырқалады.

Тәрбиеші:-. Сендердің Отандарың, қасиетті мекендерің қай Республика?

Балалар: - Қазақстан Республикасы.

Тәрбиеші: - Президенттерің кім?

Балалар: - Қасым-Жомарт Тоқаев.

Тәрбиеші: -Қазақстан Республикасының рәміздерін білесіңдер ме?

Балалар: - Ашық аспандай көгілдір туымыз бар,
Мағыналы ән ұранымыз бар,
Қасиетті бой тұмар елтаңбамыз бар.

Тәрбиеші: - Өте жақсы. Осы елдің бақытты ұл - қыздары екендерінді қалай дәлелдейсіңдер?

Балалар: - тақпақтар арқылы айтып дәлелдейміз.

Айсұлтан: Балалармыз бақытты,
Мерекені тойлайтын.
Республика күнінде,
Бар жақсыны ойлайтын.

Адина: Республика бақытым,
Мерекеге бастайтын.
Құтты болсын күн бүгін,
Шаттығымды растайтын.

Асхат: Құтты болсын, Қазағым,
Республика күні бұл.
Мерейлі де тәуелсіз,
Қазағымның үні бұл.

Нұрай: Республика ғажабым.
Артсын даңқың, ажарың.
Қазақ елі жанданып,
Таусылмасын базарың.

Әмина: Республика күні бұл,
Мерекеміз мерейлі.
Тақпақ айтып жаттаймыз,
Тақылдатып көмейді.

Тәрбиеші: - Жарайсыңдар балалар!

-Балалар енді мен сендерге керемет шығармашылық тапсырмалар дайындап әкелдім, енді өз таңдаған орталықтарымызға орналасамыз.(әр орталық жұмыстарын түсіндіру)

Тәрбиеші:- Балалар өте жақсы орындадыңдар тапсырмаларды!

Олай болса мерекемізді әрі қарай жалғастырайық. Айтындаршы балалар біздің қазақтың киелі үйі қалай аталады?

Балалар- Киіз үй деп айтамыз. (*кереге, уық, шаңырақ, ою басқан киіздер т.б.*)

Тәрбиеші:- *-(киіз үйді көрсету)* Жарайсыңдар балалар, осы киіз үйіміздің керегелері, шаңырағы, ұлттық ою-өрнектері біздің рәміздерімізде бейнеленген, өте жақсы жауап бердіңдер. Олай болса, балалар киіз үйіміздің шаңырағы биік болу үшін, мен сендерге «Киіз үй» ойнын ұсынамын.

Ойын: «Киіз үй»

Тәрбиеші: -Балалар біз өзіміздің еліміз туралы мақал-мәтелдер білеміз бе?

Балалар: - Йә

Отан елдің анасы, Ел ердің анасы.	Отан қадіріне жетпеген өз қадіріне жетпейді.
Отан от басынан басталады.	Отан оттан да ыстық, жалыны бар шоқтан да ыстық.
Отансыз адам — ормансыз бұлбұл.	Отансыздың оты жанбайды.
Отан үшін еңбек етсең халқыңның сүйген ұлы боласың.	Отан үшін күрес — елге тиген үлес.

Тәрбиеші:- Күлімде күн, күлімде!

Күлсін барлық бала шат.

Берекелі бүгіндей,


Бейбіт болсын болашақ!- Нұрайдың орындауында жеке ән

"Қазақ деген халқым" әнін қабыл алыңыздар.

Жүргізуші:- Бүгінгі мерекемізді аяқтай отырып, бүкіл дүниежүзіне бейбітшілік тілейміз, аспанымыз ашық, заманымыз тыныш болсын - дейміз!
Сау болыңыздар!!!!

(Балалар музыка әуенімен залдан шығып кетеді)

25-Қазан Республика күні






«Келісім»
«Балапан» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі
Мухомова С.

«Келісемін»
«Балапан» бөбекжай
балабақшасының әдіскері
Шуиншалиева А.

25-қазан Республика күні!



Тәрбиеші: Амантайқызы Ф

2023-2024ж

25-қазан Республика күні!

Мақсаты:

- Бааларды өз Отанын сүйюге, қазақ екенін, Қазақстанда тұратынын мақтаныш етуге, туған халқының тілін, мәдениетін, салт – дәстүрін қастерлейтін саналы да парасаты азаматтар тәрбиелеу.
- Елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеуге өз елін, тегін, тарихын біліуге тәрбиелеу.

Тәрбиеші: Біздің дүниеде бір ғана Отанымыз бар, ол – Тәуелсіз Қазақстан. 1990 жылы 25 қазанда Республиканың жоғары кеңесі еліміздің тәуелсіз мемлекет ретінде дамуының құқықтық негізін қалаған Декларацияны қабылдады. Осы тарихи маңызды қадам арқылы Қазақстан дербестіктің, тәуелсіздіктің алғашқы баспалдағын басты. Сол уақыттан бері мемлекетіміз өтпелі кезеңнің қиыншылықтарына төтеп бере отырып, даму мен өркендеу жолында келеді.

Біз туған мемлекетіміздің тәуелсіздігін баянды етуге, қуаттын артыруға, оның игілігіне, халықаралық қоғамдастықта абыройының өсуіне адал қызмет етуге парыздармыз. Қазір қазақстан – көп елдермен терезесі тең, елдік рәміздері анық, мәртебесі беделді мемлекет.

Тәрбиеші: 25 қазан – Республика күніне арналған ұлттық мерекелік салтанатты бастаймыз. Туған жеріміздің тұғыры биік болсын! .


(Әнұран ойналады)

Тәрбиеші: Балалар бүгінгі іс-әрекетке 4 топқа бөлініп ойындар ойнайық

Тақпақтар

Жүргізуші: 1990 жылыдың 25 – қазанында Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылданды. Декларация Қазақстанда тұратын халықтарды топтастыру мен олардың достастығын нығайтуды бірінші дәрежелі міндет деп белгіледі. Бұл күн – ұлттық мереке, Республика күні.

Жүргізуші: Тәуелсіз елдің рәміздері: мемлекеттік жалау, елтаңба, әнұран бекітілді. Қазақстан Республикасының Ұлттық ақшасы, теңге айналымға түсті.





Би: «Ту»

Жүргізуші: Бірлік, татулық, ынтымақ! Халық осы үш ұғымның қадірін жақсы біледі. Қазақстан Республикасы жүздеген ұлт пен ұлыстың басын біріктіріп, ынтымағын жалғыстырып отырған Ұлы мемлекет.

Жүргізуші:

Қазақстан – туған Отан алтын бақ, Қазақстан – мейірлі ана, дос қымбат.
Қазақстан – бізді туған Ұлы Отан, Ұлы жолға түсті келіп жарқылдап.
Қазақстан – көпті көрген қария, Жайнай берсін, жайнай бер сен мәңгілік!

Флешмоб «Бақытты болашақ»



“Әділетті Қазақстан: сапалы білім, адал ұрпақ, табысты ұлт”
“Балдырған” ортаңғы тобы



№ 11 «Балапан» бөбекжай - балабақшасы

25-қазан Республика күні

«Айгөлек» кіші тобы

*Тәрбиешілер: Сарбалаева А
Сейтова Г*

17

2023-2024 оқу жылы

Тақырыбы: «25-қазан Республика күні»

Мақсаты: Балалардың туған жерін, туған елін, халқын ардақтап өтуге үйрету. Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту. ҚР рәміздерін қайталап, еске түсіру.

Көрнекілігі: Ту, Елтаңба, ұлы тұлғалардың суреттерін ілу. ҚР картасының суреті.

I. Әнұран.

Тәрбиеші:

Ақжайық, Алтай арасы

Қазақтың шалқар даласы

Республикама қарашы!

Жерімнің дәні маржандай

Қырманы асқар таулардай

Республикама қарашы!

Шолсаң да биік аспаннан

Қарқырар кені тастардан

Республикама қарашы!

Шырқаған сайын тірегі

Республикама қарашы!

(Есік қағылады)

Елші:

- Өзі бұл жер қай ел екен, жөн сұрап білейін?!

Тәрбиеші:

- Сәлеметсіз бе? Сіз кім боласыз? Қателеспесем, біздің елге басқа жақтан келгенсіз - ау деймін.

Елші:

- Мен ел аралап жүрген елшімін. Сыңғырлаған балалардың күлкісін естіп, қай елдің бақытты балалары екенін білейін деп келдім.

Тәрбиеші:

- Олай болса, қош келдіңіз! Қазір бізде 25 қазан Республика күніне арналған тәрбие сағат өткелі жатыр. Балалардан сұрап біліңіз.

Елші:

- Сәлем, балалар! Сендер өте көңілді, әрі бақытты көрінесіңдер. Сендердің Отандарың, қасиетті мекендерің қай Республика?

Балалар:

- Қазақстан Республикасы.

Елші:

- Президент кім?

Балалар:

- Қасымжомарт Кемелұлы Тоқаев

Елші:

- Отандарыңның астанасы қай қала?

Балалар:

- Астана қаласы.

Елші:

- Елдеріңіз өзінің қандай қасиеттерімен айбатты?

Балалар:

- Өнұран, Туы, Елтаңбасымен.

Елші:

- Өте жақсы. Осы елдің бақытты ұл - қыздары екендеріңді қалай дәлелдейсіңдер?

Алихан:

Өнұраным, жан ұраным

Димаш:

Елтаңбасы елімнің

Неткен көркем, әдемі

Тапсырма: Елтаңбаның, тудың суреті беріледі. Балалар өздері қалаған (ермексаз, түрлі-түсті бояу, қарандаш, түрлі-түсті қағаздар) алып суретпен жұмыс жасайды.

Тәрбиеші: Балалар, егер біз Отанымызды сүйетін болсақ, оның мемлекеттік тілін жақсы білуге міндеттіміз. Мемлекеттік тіліміз қай тіл?

Балалар:-Қазақ тілі

Ойын: «Кім жылдам?»

Міндеті: Берілген бейнелерге сәйкес, екінші бейнені тауып орналастырады.

Елші:

-Сүйкімді балақайлар бүгін мен қойған сұрақтарға дұрыс жауап бергендеріне көп-көп рахмет! Сендерге арналған сыйлықтарымды сендерге табыстайын

Тәриеші:-Елші сіз бізге қонаққа келгеніңізге көп-көп рахмет! Кәнекей балалар елшіге рахмет айтайық. Елші өз еліне кетуі керек. Сау болыңыз!

Тәрбиеші:

Мен қазақтың биікпін, байтақ елмін.

Қайта тудым өмірге қайта келдім

Мен мыңда бір тірілдім мәңгі өлмеске

Жаса – жаса мәңгіге туған елім.


25 Қазан-Республика күніне арналған тәрбие сағатымыз аяқталды.

Мек. Жауап

25 қазан-Республика күні



№1 "Айгөлек"
кіші топ
Тәрбиеші:
Сарбалаева Әсия



Superdidaktika
8-702-814-49-34

Superdidaktika
8-702-814-49-34

№11 «Балапан» бөбекжай-балабақшасы



Бекітемін:
Балабақша меңгерушісі:
Мухашова

Тексерілді:
Балабақша әдіскері:
А.Шуиншалиева

Отаным менің- ҚАЗАҚСТАН

/25 қазан- Республика күніне арналған тәрбиелік іс-шара/

№2 «Ақбота» кіші топ

Тәрбиеші: В.Аблаева

2023-2024 оқу жылы

Тақырыбы: « Отаным менің -Қазақстан »

Міндеті: Балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Отанды сүйуге, құрметтеуге тәрбиелеу.

Әдіс - тәсілдері: түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ – жауап.

Ресурстар: ҚР рәміздерінің суреттері, Елбасы суреті, бала санына тәттілер, жалаушалар , видеоролик, таратпа суреттер, көк түсті шарлар, тапперлер.

«Құттықтау» тренингпен бастаймыз.

Барысы:

Балалар шеңбер жасап орындықтарда отырады. Қазақстан Республикасының Гимнімен басталады.

Тақырыптық суреттерді және видеороликті пайдалана отырып, жаңа тақырыпты түсіндіру.

Мен тақтадағы суреттерді сұраймын. Сендер маған көрсетіп бересіңдер. Дұрыс және бірінші көрсеткен балаларға мынадай әдемі гүлдерді сыйлаймын.

Сұрақтар:

1. Тудың суретін көрсетейікші?
2. Елтаңбаның суреті қайсысы?
3. Президентіміз кім?
4. Бәйтеректің суреті қайда?

«Біздің ту» ойыны

Шарты: Үстел бетіне әр ұлттың туларын көрсетіп қоямызда, арасынан біздің туды тауып көрсетуін сұраймыз.

«Көлеңкесін тап» ойынын ойнайық.

Ойынның шарты: Берілген суреттерді көлеңкесіне қарай орналастырады.

Қимылды ойын: «Кім жылдам»

Шарты: екі баланы ортаға шығарып, қарсы бағыттағы межеден туды әкеп беруін сұраймыз

Қорытынды


-Балалар, сендер бүгінгі мерекемізге жақсы араластыңдар.

Рахмет сендерге

Жақсы араласқандарың үшін мына көбелек суретін тарту етеміз.

Көңілді әуенмен аяқтау.

Тақырыбы: Отаным менің-Қазақтан!
25 қазан Республика күніне арналған тәрбиелік іс-шара



**Тәрбиешілер: Өтеген С.Т.
Аблаева В.**



№11 «Балапан» бөбекжай-балабақшасы

Балабақша меңгерушісі:
С.Мухашова С.Мухашова

Тексерілді:
Балабақша әдіскері:
А.Шуиншалиева А.Шуиншалиева



"Қазақстан-туған елім, ұлы өлкем"

/25 қазан Республика күніне арналған тәрбиелік іс-шара/

№9 «Қарлығаш» ересек топ

Тәрбиеші: Г.Сейтова

2023-2024 оқу жылы



Мақсаты:

Балалардың отан, Қазақстан, туған жер туралы түсініктерін кеңейту.
Отанды сүйе, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, туған еліне деген сүйіспеншілігін аттыру.
Балаларды достыққа, адамгершілікке, патриоттыққа тәрбиелеу.

Әдіс - тәсілдері: сұрақ- жауап, әңгімелеу.

Барысы: Ұйымдастыру кезеңі.

Сәлеметсіздерме балалар!

Балалар қазан айында қандай мереке күндер барын білесіңдер?

Балалар:- Ұстаздар күні,

-Қарттар күні,

– Республика күні.

Тәрбиеші: Олай болса балалар! **25-қазан Республика күніне арналған**

«Қазақстан – туған елім, ұлы өлкем» атты тәрбиелік шарамызды бастаймыз.

Қазақстан Республикасының Гимні орындалады.

Тәрбиеші: Балалар арайлаған таңды сүйетін кім?

-Мен

Алтын сәулені сүйетін кім?

-Мен

Ата-ананы сүйетін кім?

-Мен

Досын сүйетін кім?

-Мен

Болашағы елімнің кім?

-Мен

Көне балалар Отан деген не?

Адамның туып өскен жері, туған-туысқандары, біз тұратын атамекен.

Балалар біздің отанымыз қалай аталады?

-Біздің отанымыз Қазақстан.

Еліміздің бас қаласы қалай аталады?

-Біздің бас қаламыз Астана

Біздің Президентіміз кім?

Біздің Президентіміз Қасым - Жомарт Тоқаев Кемелұлы

Еліміздің қандай рәміздерін білесіңдер?

Ту, Әнұран, Елтаңба.

Балалар біздің елімізде көп ұлт өкілдері тұрады, көне соларды атап айтайықшы: орыстар, өзбектер, қырғыздар, татарлар, немістер.

Иә балалар дұрыс айтасыңдар әр түрлі көп ұлт өкілдері бір шаңырақ астында тұрады екенбіз.

Балалар көнекей әр ұлт өкілдері бір шаңырақ астында қалай тұратынын киіз үй құрып көрсетейік.

Көне, көне тұрайық, Сол қолымды көтердім,

Киіз үй біз құрайық. Уықты мен көтердім.

Аружан:

Құтты болсын мереке,
Республика күні бұл
Қазақ аты танылсын,
Шырқалып ән жыры бұл.

Асылым:

Республика бақытым
Елге сенім беретін,
Құтты болсын мереке
Әр жыл с айын келетін.

Жансұлу:

Республика күні бұл,
Құтты болсын гүл елім
Көңілімнің нұрысың
Сен деп соғады жүрегім.

Нұрсезім:

Республикам киелім,
Соғып тұрар жүрегім
Республикам жас ай бер,
Мықты болып тірегің.

Жұпар ай:

Азат елім жасай бер,
Бақытымыз жанданып,
Республика күнімен
Құттықтаймыз Жар салып.

Рәбия:

Республика күні бұл,
Тойлап жүрген жыл сайын,
Мен бақытты баламын,
Азаттықта жоқ уайым.

Хор: Менің Отаным

Тәрбиеші:.

Балалар енді орталықтарға бөлініп, ойын ойнайық.

Балалар 4 орталыққа бөлініп отырады.

1 орталықтағы балалар: «Бөлігін тап» ойыны

2 орталықтағы балалар: «Гүлденген Қазақстан» ойыны, яғни еліміздің картасын безендіреді.

3 орталықтағы балалар: Жер шарын (глобусты) бояйды.

4 орталықтағы балалар: «Мен суретшімін» ойыны. Берілген көк түсті шарға сары түспен күннің суретін салады.

Балаларды мадақтау.

-Балалар! Біздің Отанымыз – Қазақстан Республикасы екен. Отансыз адам болмайды. Отанымыз көркейіп, гүлдену үшін біз көп еңбектенуіміз керек. Еңбектену дегеніміз білімді, тәртіпті болуымыз.

Балалар бүгінгі тәрбиелік шарамыз ұнады ма?

Қорытынды: Байтақ дала жерім менің

Арта берсін даңқың сенің

Көк байрағың желбіресін

Егеменді елім менің – дей отырып,

Балалар осымен Республика күніне арналған

«Қазақстан-туған елім, ұлы өлкем» атты тәрбие сағатымыз аяқталды.

25 қазан Республика күні



**"Қарлығаш"
ересек тобы
Тәрбиеші:
Сейтова Г.**



«Бекітемін»
«Балапан» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі
Мухамбет С.

«Келісемін»
«Балапан» бөбекжай
балабақшасының әдіскері
Шуиншалиева А.



Менің Отаным-Қазақстан

Тәрбиеші: Ниязымбетова Г

2023-2024ж

Менің Отаным-Қазақстан

Мақсаты:

- Бааларды өз Отанын сүйюге, қазақ екенін, Қазақстанда тұратынын мақтаныш етуге, туған халқының тілін, мәдениетін, салт – дәстүрін қастерлейтін саналы да парасаты азаматтар тәрбиелеу.
- Елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеуге өз елін, тегін, тарихын біліуге тәрбиелеу.

Тәрбиеші: Біздің дүниеде бір ғана Отанымыз бар, ол – Тәуелсіз Қазақстан. 1990 жылы 25 қазанда Республиканың жоғары кеңесі еліміздің тәуелсіз мемлекет ретінде дамуының құқықтық негізін қалаған Декларацияны қабылдады. Осы тарихи маңызды қадам арқылы Қазақстан дербестіктің, тәуелсіздіктің алғашқы баспалдағын басты. Сол уақыттан бері мемлекетіміз өтпелі кезеңнің қиыншылықтарына төтеп бере отырып, даму мен өркендеу жолында келеді. Біз туған мемлекетіміздің тәуелсіздігін баянды етуге, қуаттын артыруға, оның игілігіне, халықаралық қоғамдастықта абыройының өсуіне адал қызмет етуге парыздармыз. Қазір қазақстан – көп елдермен терезесі тең, елдік рәміздері анық, мәртебесі беделді мемлекет.

Тәрбиеші: 25 қазан – Республика күніне арналған ұлттық мерекелік салтанатты бастаймыз. Туған жеріміздің тұғыры биік болсын! .


(Әнұран ойналады)

Тәрбиеші: Балалар бүгінгі іс-әрекетке 4 топқа бөлініп ойындар ойнайық

Тақпақтар

Жүргізуші: 1990 жылыдың 25 – қазанында Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылданды. Декларация Қазақстанда тұратын халақтарды топтастыру мен олардың достастығын нығайтуды бірінші дәрежелі міндет деп белгіледі. Бұл күн – ұлттық мереке, Республика күні.

Жүргізуші: Тәуелсіз елдің рәміздері: мемлекеттік жалау, елтаңба, әнұран бекітілді. Қазақстан Республикасының Ұлттық ақшасы, теңге айналымға түсті.



Би: «Ту»

Жүргізуші: Бірлік, татулық, ынтымақ! Халық осы үш ұғымның қадірін жақсы біледі. Қазақстан Республикасы жүздеген ұлт пен ұлыстың басын біріктіріп, ынтымағын жалғыстырып отырған Ұлы мемлекет.

Жүргізуші:

Қазақстан – туған Отан алтын бақ, Қазақстан – мейірлі ана, дос қымбат.
Қазақстан – бізді туған Ұлы Отан, Ұлы жолға түсті келіп жарқылдап.
Қазақстан – көпті көрген қария, Жайнай берсін, жайнай бер сен мәңгілік!

Флешмоб «Бақытты болашақ»



Бекітемін
Балабақша меңгерушісі:
С.Мухашова

S. Muxashova

Тексерілді
Балабақша әдіскері:
А.Шуиншалиева

A. Shunshaliyeva

«Менің Қазақстаным»

Тобы: «Балауса» ортаңғы

Тәрбиеші: Бақытжан Ә

2022-2023 ЖЫЛ

Тақырыбы: «Менің Қазақстаным»

1. Балалардың отан, Қазақстан, туған жер туралы түсініктерін кеңейту.
2. Балаларды Отанды сүйуге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, туған еліне деген сүйіспеншілігін аттыру.
3. Балаларды достыққа, адамгершілікке, саналылыққа тәрбиелеу.

Сәлеметсіздерме балалар!

Балалар: сәлеметсіздерме балалар!.

Балалар қазан айында қандай мереке күндер барын білесіндер?

Балалар:- Ұстаздар күні,

-Қарттар күні,

– Республика күні.

Тәрбиеші: Олай болса балалар! **25-қазан Республика күніне арналған**

«Мен елімнің бақытты ұрпағымын» атты ашық тәрбие сағатымызды бастаймыз.

Хор:Әнұран.

Тәрбиеші: Балалар арайлаған таңды сүйетін кім?

-Мен

Алтын сәулені сүйетін кім?

-Мен

Жарын даланы сүйетін кім?

-Мен

Ата-ананы сүйетін кім?

-Мен

Досын сүйетін кім?

-Мен

Болашағы елімнің кім?

-Мен

Кәне балалар Отан деген не?

Адамның туып өскен жері, туған-туысқандары, біз тұратын атамекен.

Балалар біздің отанымыз қалай аталады?

-Біздің отанымыз Қазақстан.

Еліміздің бас қаласы қалай аталады?

-Біздің бас қаламыз Астана

Біздің Президентіміз кім?

Еліміздің қандай рәміздерін білесіндер?

Ту, Әнұран, Елтаңба.

Балалар біздің елімізде көп ұлт өкілдері тұрады,кәне соларды атап айтайықшы:

орыстар, өзбектер, қырғыздар, татарлар, немістер.

Иә балалар дұрыс айтасындар әр түрлі көп ұлт өкілдері бір шаңырақ астында тұрады екенбіз.

Балалар кәнекей әр ұлт өкілдері бір шаңырақ астында қалай тұратынын киіз үй құрып көрсетейік.

Кәне, кәне тұрайық, Сол қолымды көтердім,

Киіз үй біз құрайық. Уықты мен көтердім.

Оң қолымды көтердім, Киіз үйді тұрғыздық,

Уықты мен көтердім Жұмысты біз тындырдық..

Балалар Қазақстан туралы өлеңдер оқып, жақсы мақал-мәтелдер айту,елімізді, жерімізді мадақтау бүгін біздің еншімізде. Ендеше өнерімізді ортаға салайық.

Асылым: Өзіндікі туында,

От пен ауа, суың да.

Жаса Қазақстаным,

Белді бекем буында.

Би сұлтан: Отан от басынан басталады.

Отан оттан да ыстық.

Айбибі:Республика күні бұл

Құтты болсын,қазағым

Республика күні бұл

Мерейлі де тәуелсіз

Ерасыл:

Құтты болсын қазағым

Құтты болсын, қазағым

Республика күні бұл

Мерейлі де иіуелсіз.

Қазағымның үні бұл.

Хор: Менің Отаным

Балалар 3 топқа бөлініп отырады:

Дидактикалық ойын: «Ақ көгершін»

Міндеті: Көгершін жасырылған нышандапды тауып атын атау.

Дидактикалық ойын: «Астанаға саяхат»

Міндеті: Ғимарттарды өз орнына орналастыру..

Дидактикалық ойын: «Менің Қазақстаным»

Міндеті: Ту.Елтаңба,Бәйтерек суреттердің жартысы беріледі

балалар берілген суреттердің жарты бөлігін табады.


Дидактикалық ойын: Менің отаным- Қазақстан

Міндеті: Көлеңкесі табу арқылы суреттерді өз орнына орналастыру.

Құрметті қонақтар, балалар осымен Республика күніне арналған

«Менің Қазақстаным»» атты ашық тәрбие сағатымыз аяқталды.

Менің Қазақстаным



№10 "Балауса"
ортаңғы тобы

Тәрбиеші:

А. Бақытжан





Бекетемін
Балабақша меңгерушісі:
С.Мухашова

[Handwritten signature]

Тексерілді
Балабақша әдіскері:
А.Шуиншалиева

[Handwritten signature]

«Мен елімнің бақытты ұрпағымын»

Тобы: «Еркетай» ортаңғы

2022-2023 ЖЫЛ

Тақырыбы: «Мен елімнің бақытты ұрпағымын»

1. Балалардың отан, Қазақстан, туған жер туралы түсініктерін кеңейту.
2. Балаларды Отанды сүйуге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, туған еліне деген сүйіспеншілігін аттыру.
3. Балаларды достыққа, адамгершілікке, саналылыққа тәрбиелеу.

Сәлеметсіздерме балалар!

Балалар: сәлеметсіздерме балалар!.

Балалар қазан айында қандай мереке күндер барын білесіңдер?

Балалар:- Ұстаздар күні,

-Қарттар күні,

– Республика күні.

Тәрбиеші: Олай болса балалар! **25-қазан Республика күніне арналған «Мен елімнің бақытты ұрпағымын»** атты ашық тәрбие сағатымызды бастаймыз.

Хор:Әнұран.

Тәрбиеші: Балалар арайлаған таңды сүйетін кім?

-Мен

Алтын сәулені сүйетін кім?

-Мен

Жарын даланы сүйетін кім?

-Мен

Ата-ананы сүйетін кім?

-Мен

Досын сүйетін кім?

-Мен

Болашағы елімнің кім?

-Мен

Кәне балалар Отан деген не?

Адамның туып өскен жері, туған-туысқандары, біз тұратын атамекен.

Балалар біздің отанымыз қалай аталады?

-Біздің отанымыз Қазақстан.

Еліміздің бас қаласы қалай аталады?

-Біздің бас қаламыз Астана

Біздің Президентіміз кім?

Еліміздің қандай рәміздерін білесіңдер?

Ту, Әнұран, Елтаңба.

Балалар біздің елімізде көп ұлт өкілдері тұрады,кәне соларды атап айтайықшы: орыстар, өзбектер, қырғыздар, татарлар, немістер.

Иә балалар дұрыс айтасындар әр түрлі көп ұлт өкілдері бір шаңырақ астында тұрады екенбіз.

Балалар кәнекей әр ұлт өкілдері бір шаңырақ астында қалай тұратынын киіз үй құрып көрсетейік.

Кәне, кәне тұрайық, Сол қолымды көтердім,

Киіз үй біз құрайық. Уықты мен көтердім.

Оң қолымды көтердім, Киіз үйді тұрғыздық,

Уықты мен көтердім Жұмысты біз тындырдық..

Балалар Қазақстан туралы өлеңдер оқып, жақсы мақал-мәтелдер айту, елімізді, жерімізді мадақтау бүгін біздің еншімізде. Ендеше өнерімізді ортаға салайық.

Айым: Өзіндікі туыңда,

От пен ауа, суың да.

Жаса Қазақстаным,

Белді бекем буында.

Айыжан: Отан от басынан басталады.

Отан оттан да ыстық.

Айбибі: Республика күні бұл

Құтты болсын, қазағым

Республика күні бұл

Мерейлі де тәуелсіз

Нұрислам:

Құтты болсын қазағым

Құтты болсын, қазағым

Республика күні бұл

Мерейлі де тәуелсіз.

Қазағымның үні бұл.

Хор: Менің Отаным

Балалар 3 топқа бөлініп отырады:

Дидактикалық ойын: Додекаэдр

Міндеті: додекаэдр ойынында суреттер бейнеленген додекаэдр лақтыру арқылы бейнеленген суреттерді балалар атайды.

Дидактикалық ойын: «Жарты бөлігін тан»

Міндеті: Ту, Елтаңба, Бәйтерек суреттердің жартысы беріледі балалар берілген суреттердің жарты бөлігін табады.



Дидактикалық ойын: Менің отаным- Қазақстан

Міндеті: Көлеңкесі табу арқылы суреттерді өз орнына орналастыру.

Құрметті қонақтар, балалар осымен Республика күніне арналған

«**Мен елімнің бақытты ұрпағымын**» атты ашық тәрбие сағатымыз аяқталды.


«Отаным менің Қазақстан»



«Еркетай» ортаңғы тобы

Тәрбиеші: Жандаулетова А

«Қазақстан Республикамы - менің»



№3 "Жауқазын" кіші тобы

№4 "Балалар" кіші тобы

Тәрбиешілер:
Ә. Өтепбергін
К. Исаева